

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 1633 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 208 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.04.2017 № 208 қаулысымен.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту мәселесі бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жөніндегі үйлестіру кеңес (бұдан әрі – Кеңес) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Кеңес туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 1633 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің департамент директоры, хатшы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі
Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
"Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)
Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы (келісім бойынша)
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Соттар қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшысы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Үкіметі
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 1633 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жөніндегі үйлестіру кеңесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы қызметті үйлестіру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері және құқықтары

3. Кеңестің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамытуда жөніндегі қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттер бойынша ұсыныстар қалыптастыру;

2) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын жоспарлау, дайындау, іске асыру, мониторингілеу мен бағалау және мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті, оның ішінде халықаралық құқық және практика нормаларына сәйкес дамыту саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу;

3) мемлекеттің мемлекеттік-жеке меншік әріптестікке қатысу нысандары және шарттары туралы ұсыныстар әзірлеу;

4) мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамытуға қатысты проблемалы мәселелерді талдауды жүзеге асыру, сондай-ақ оларды шешу, оның ішінде Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік бойынша даму мен қызметтегі құқықтық, әкімшілік, экономикалық және ұйымдастырушылық кедергілерді жою;

5) Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамытуға бағытталған өзге сұрақтар бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

4. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеуге;

2) Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті қолдау мен дамыту саласында Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

3) Кеңес құзыретіне жататын мәселелерді өз отырысында қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға;

4) тиісті ұсыныстар енгізуге және заңдар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкімдері мен қаулыларының жобаларын әзірлеуге қатысуға;

5) мемлекеттік органдар мен ұйымдар өкілдерін кеңес құзыретіне жататын мәселелер бойынша Кеңес отырыстарына шақыруға;

6) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын іріктеудегі проблемалы мәселелерді талдау және зерделеу үшін мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды қажеттілігіне қарай тартуға;

7) Кеңестің міндеттерін іске асыруға қажетті материалдарды мемлекеттік және басқа ұйымдардан заңнамада белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға құқылы.

3. Кеңес қызметін ұйымдастыру

5. Кеңес құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

6. Кеңеске төраға - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары басшылық етеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

7. Кеңес төрағасы Кеңес қызметіне жалпы басшылық жасайды, Кеңес мүшелері мен келісім бойынша мәжілістің күн тәртібін, сондай-ақ өткізілетін орны мен уақытын, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын үйлестіреді, шешімдердің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары атқарады.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

Жұмыс органы Кеңес жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Кеңес отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Кеңес мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

9. Кеңес отырысы өткізілгеннен кейін Кеңес хатшысы хаттама ресімдейді.

Хатшы Кеңес мүшесі болып табылмайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

10. Егер өзге мерзімдерді Кеңес төрағасы айқындамаған болса, Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде айына екі рет өткізіледі. Отырыстардың күн тәртібін және оларды өткізу тәртібін Кеңес төрағасы айқындайды. Кеңес отырысына оның мүшелері жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі қатысса заңды деп саналады.

11. Кеңес шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Кеңестің отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен жүргізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Кеңес мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда ол жазбаша түрде баяндалуға және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Кеңес отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Кеңес хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын Кеңес мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Кеңес мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

12. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

13. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

14. Кеңес мүшелері отырыста қарастырылатын мәселелерді талқылау кезінде тең құқықтар иеленеді.

15. Кеңес жұмысына қажет болған кезде оның құрамына кірмейтін мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін өзі басқару органдарының және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысуы мүмкін.

16. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тоқтатады.

17. Дауыс беру парақтарымен қоса Кеңес материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Кеңестің жұмыс органы жүзеге асырады.

Ескерту. Ереже 17-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.